

**Зиянды ақпарат
бала өміріне қауіпті**



3-БЕТ

**Зарғап шеккен аймақтарды
қалпына келтіру
жұмыстары басталды**



4-БЕТ

**Бақытжан
БҰҚАРБАЙ,
баспагер:**

**«Мақсат -
қазақтың
тарихын
түгендеуге
үлес қосу»**



8-БЕТ



ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№29 (3658)
19 сәуір 2024



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢ ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ КӨТЕРЕДІ



Ел Президенті тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін жазаны қатайтатын заңға қол қойды. Бұл заң әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жазаны күшейте отырып, әлімжеттікке төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

(Соңы 3-бетте)

• СҰХБАТ

Шоқан ОРАЗАЛИН, Ақмола облысы
Білім басқармасының басшысы:

«ӨЗГЕ ҰЛТ ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚАЗАҚША ҮЙРЕНУГЕ ЫНТАСЫ ЖОҒАРЫ»

Мемлекеттік тілді дамыту, тіл саясаты саласындағы көңілге кірбің шалдыратын түйткілдерді шешу бүгінгі қоғамның басты мәселелерінің бірі. Әсіресе, елдің ертеңі болып табылатын балалардың бойына ана тілінің қадір-қасиетін сіңіру – ұрпақтар сабақтастығының аса өзекті тұсы. «Тәрбие – тал бесіктен» десек те, қазіргі таңда балабақшадан бастап, жалпы орта білім беретін мектептерде мемлекеттік тілдің деңгейін көтерудің аса маңызды екенін уақыттың өзі дәлелдеп берді. Қоғамда «теріскей облыстар орыстанып кеткен» деген қасаң көзқарас қалыптасып қалғаны рас. Дегенмен, Ақмола облысында мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту бағытында бірталай көңілге қонымды жұмыста атқарылуда. Оның жайын облыстық Білім басқармасының басшысы Шоқан ОРАЗАЛИН айтып берген еді.

– Мемлекеттік тілді дамыту үшін оскелең ұрпақты білім нәрімен сусындататын мектептердегі жұмыс дұрыс үйлестірілуі керек. Аймақта ана тілінің тұқалған аттай адымын аша алмауының да басты себебі мемлекеттік тілде тәлім-тәрбие беретін балабақшалар санының аздығымен байланысты. Жалпы, өңірде аталған бағытта жағдай өзгерді ме? Қазақ тілінде тәрбиелейтін балабақшалардың қатары қаншалықты өсті?

– Иә, пікіріңіз өте орынды. Қазақ тілінде оқытатын мектептер саны көбеймей, мемлекеттік тіл қанатын кеңге жаяды деп айту ақылға қонбайды. Сондықтан бұл бағытта аймақта соңғы жылдары біршама сілкініс бар деуге болады.

(Соңы 5-бетте)

• БАЗЫНА

СОТТЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР

Қазіргі уақытта барлық судьялар қауымын ойландырып жүрген, қоғамның судьяларға деген сенімі мен судьялардың мәртебесін арттыруға үлкен серпін беретін бірқатар маңызды мәселеге қатысты өз ұсынысымды білдіргім келеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 тамыздағы №733 «Әскери қызметшілердің, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлерінің, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтарға, сыныптық шендерге не болу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдардың және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған

адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда, осындай адамдардың еңбек сіңірген жылдарын есептеу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» қаулысының 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық келісімдерде өзгеше белгіленбесе, еңбек сіңірген жылдар осы қағидаларда белгіленген тәртіппен есептеледі.

Еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына:

«Қарулы Күштерге, арнаулы мемлекеттік



Жұмағұл ШӨЖЕНОВ,
Ұлытау облыстық сотының судьясы

органдарға, прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу-тексеру қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдарына, мемлекеттік фельдъегерлік қызметке, сондай-ақ бұрынғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетіне және қаржы полициясына қызметке ауысқан жағдайда сот органдарында судья лауазымдарында жұмыс істеген уақыт есептеледі» делінген.

Сондықтан, судья лауазымына тағайындалған уақытта, Қарулы Күштерге, арнаулы мемлекеттік органдарға, прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу-тексеру қызметі, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдарына, мемлекеттік фельдъегерлік қызметке, сондай-ақ бұрынғы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетіне және қаржы полициясына еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдары да, осы жоғарыда көрсетілген лауазымдарда жұмыс істеген уақыт есептелуі керек деп есептеймін.

(Соңы 2-бетте)

